# Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспары туралы" 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1778 және "Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2013 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2013 жылғы 13 наурыздағы № 238 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 56 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1778 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 7, 165-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспарында

мына:

«

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 46-3 | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының және тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістерін және мүлкін декларациялауы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қаржымині | Мамыр | Қазан | Желтоқсан | Р.Е. Дәленов |
| 46-4 | Ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктер туралы | ЭБЖМ | Шілде | Қазан | Желтоқсан | М. Е. Әбілқасымова |

деген жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 53-1 және 53-2 жолдар алынып тасталсын;

2) «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2013 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 238 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2013 жылға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 25-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК